

«Абай мұрасы – ұлттық ақыл ойдың көрінісі»

Авторлар: спецбпб

02.10.2023 17:13 - Жанартылған 02.10.2023 17:24

«Абай мұрасы – ұлттық ақыл ойдың көрінісі»

Кітапханамызда Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 178 жылдығына арналған тамаша іс-шара болып өтті.

Мұндай іс-шара мәдени саладағы инклюзивтіліктің маңыздылығын тағы бір атап өтті және ұлы тұлғалардың мұрасын мұгедектігі бар адамдарға қалай қолжетімді етуге болатыны жайында түсінік берді.

Шарада:

Абай өмірі мен шығармашылығы туралы тифлотүсіндірмелі фильм загіп жандарға онай қабылдауға мүмкіндік беретін форматта ұсынылды.

Абай өлеңдерін жатқа оқу бойынша жарыстар ұйымдастырылды. Іс-шара басталмас бұрын қатысушыларға арнайы форматтағы поэзия мәтіндерін, мысалы, Брайль және аудио форматта ұсынылған болатын.

Абай өндері шықалды, осылайша оқырмандар ізденіп, өндерінің шығармашылық талғамын қалыптастыра алды.

Абайдың портреті және басқа да қорнекі заттар загіп қатысушыларға пішіндерді сезінуге мүмкіндік беретін тактильді материалдар арқылы ұсынылды.

Студенттер Абайдың шығармашылық портретін жасады, сондай-ақ "Абай жолы" роман-эпопеясы бойынша өдеби қвест ұйымдастырылды. Кітапхана өдеби сахнаға айналып, Абай дәуірінің бейнесін жандандырып, қазақ халқының шығармашылығына ақын өлеңдері мен керемет шығармалары арқылы саяхаттады .

«Абай мұрасы – ұлттық ақыл ойдың көрінісі»

Авторлар: спецбiб

02.10.2023 17:13 - Жанартылған 02.10.2023 17:24

Сонымен қатар, іс-шарада қызықты пікірталастар ұйымдастырылды, онда Абай философиясы мен әлемге қозғарасының аспектілері талқыланды. Бұл тыңдаушыларға оның бірегей ойлауын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді және өзекті мәселелерді талқылауға шабыттандырды.

